

**«Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың
перспективалары» деген тақырыпта 2014 жылғы 16 маусымда
өткен Үкімет сағатының қорытындылары бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешевтің «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың перспективалары» атты баяндамасын тыңдап және талқылап, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Мемлекет басшысының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» және «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауларында белгіленген туризмді дамыту жөніндегі тапсырмаларын тиімді іске асыруды қамтамасыз етсін.

2. 2015 жылға дейінгі мерзімде туристік қызметті Қазақстан Республикасының басым түрлерінің тізбесіне енгізе отырып, Қазақстанды еуразиялық туризмнің жаңа және серпінді дамып келе жатқан орталығы ретінде көрсету жөнінде бағдарлама қабылдасын және 2020 жылға қарай ЖІӨ-нің құрылымында туризм үлесінің 6-7 %-ға дейін өсуін қамтамасыз етсін.

3. Туризмді дамыту және туристік саланың тартымдылығын арттыру жағдайларын жақсарту мақсатында құқық тәртібі, санитариялық-гигиеналық жағдайлар, денсаулық сақтау, визалық қолдау, көші-қон және мәдениет саласындағы саясатты іске асыруға бірінші басшылардың дербес жауаптылығын бекіте отырып, орталық және жергілікті атқарушы органдардың үйлестірілген іс-қимыл жоспарын қабылдасын.

4. Қазақстанның туристік саласының объектілеріне инвестициялар іздеу және оларды тарту үшін және отандық туризм әлеуетін насихаттау үшін даму институттарының, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық ұйымдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің ресурстарын жұмылдырсын.

5. Қазақстанның шетелдегі имиджін алға жылжыту жөніндегі бірыңғай маркетингтік стратегияны әзірлесін және туризмді дамыту саласында шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимылды, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында брендтік қазақстандық курорттық аймақтарды насихаттау мен танымал ету жұмыстарын жандандырсын.

6. Туризмді өсіру нүктелерін дамыту жұмысын және қолайлы инвестициялық ортаны құруға жауаптылықты күшейту үшін «туризмді дамыту» көрсеткішін әкімдер және министрліктер мен ведомстволардың басшылары қызметінің тиімділігін бағалау рейтингіне қоссын.

7. Халықтың жан басына шаққандағы табыс деңгейі орташа және жоғары елдерден келетін туристерді тарту үшін шетелдік азаматтардың визалық режимінің күшін жою немесе оны оңайлату, оларды тіркеу және есепке алу жөніндегі жұмысты күшейтсін, сондай-ақ Қазақстанға кіру визасын алу барысында туристерді міндетті медициналық сақтандыру мәселесін қарастырсын және келу туризмі мен ішкі туризмді статистикалық есепке алу әдістемесін жетілдірсін.

8. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасына туристік өнімнің «тез өсуін» ынталандыру үшін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру жағдайларын оңайлату бойынша өзгерістер енгізсін және туристік қызметтер көрсету саласында жұмысын жаңадан бастаған кәсіпкерлерге арналған оқыту бағдарламаларын көздесін.

9. 2015 жылғы 1 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының туристік саланы дамыту мәселелері жөніндегі заңнамасына өзгерістер енгізсін, атап айтқанда:

арнайы туристік аймақтардың жұмыс істеуі және оларды дамыту үшін жағдай жасау;

инвестициялық преференциялар беру;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін жетілдіру;

салықтық ынталандырудың қосымша шараларын енгізу;

туристердің шекара аймақтарына, ұлттық парктерге, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға кіру рәсімдерін оңайлату;

рұқсат беру рәсімдерінен өтуді оңайлату және жеделдету.

10. Мақсатқа сай пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын туристік кластер аумақтарындағы жер үлестерін одан әрі адал кәсіпкерлік субъектісіне беру (өткізу) үшін қолданыстағы заңнама шеңберінде мемлекет пайдасына иеліктен шығару жөніндегі шараларды күшейтсін.

11. Туристік аймақтарда туристік маршруттар, экскурсиялар мен экспедициялар ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қағидаларды әзірлесін және қабылдасын. Жарнама өнімін (жол көрсеткіштер, буклеттер, журналдар, анықтамалықтар) барлық жерде таратуға жағдай жасасын және олардың туристер үшін қолжетімділігін қамтамасыз етсін.

12. Топтық билеттерді брондау проблемаларын шешу және топтық тасымалдарды жүзеге асыру үшін көлікте жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдау қағидаларына өзгерістер енгізісін және туристік қызметті ынталандыру мақсатында ішкі авиациялық және теміржол тасымалдарын субсидиялау мүмкіндігін қарастырсын.

13. Курорттық аймақтарда және демалыс үйлерінде емдеу-профилакторлық және санаторлық-курорттық жолдамаларды қамтамасыз етсін және отандық туристік индустрияда сапа менеджменті жүйесінің стандарттарын одан әрі міндетті түрде енгізе отырып, барлық жерде қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдасын.

14. Туристерді туристік сала объектілерінде халықаралық стандарттарға сай келетін сапалы және қолжетімді медициналық қызметтермен қамтамасыз ету және санаторлық-курорттық аймақтарда мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін медициналық оңалту курстарын ұсыну жөніндегі мәселені пысықтасын.

15. 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін туристік аймақтардың инфрақұрылымын халықаралық стандарттарға сай келетін деңгейге жеткізу жөніндегі шаралар кешенін қабылдасын, атап айтқанда:

көлік (қатынас жолдары, вокзалдар, туристік объектілерге баратын республикалық және жергілікті маңызы бар жолдар, әуежайлар);

байланыс (инженерлік-коммуникациялық желілер, Интернет желілері, телефон және таксофон будкалары, пошта бөлімшелері);

транзит (біріздендірілген маршруттық таксилер қызметі, паспорттық бақылау, терминалдар);

туристік (туристік объектілер ғимараттары мен құрылыстары, сапар орталықтары, таксилерге, экскурсиялық автобустарға арналған тұрақтар мен орындар, жол бойындағы сервис элементтері);

көше (белгілер, көрсеткіштер мен маңдайша жазулар, қапталжолдар, абаттандыру элементтері, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін);

«жұмсақ» (туристік объектілердегі, қонақ үйлердегі, әуежайлардағы ақпараттық материалдар, оның ішінде буклеттер, жергілікті жер мен көрікті жерлердің карталары).

16. Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары, аз қамтылған отбасылар, оқушылар мен жастар үшін жеңілдікті әлеуметтік жолдамалар беру мүмкіндігін қарастырсын. Патриотизмді арттыру және балалар мен жастардың спорт, денсаулық лагерьлерін қайта өркендету және мәдени демалысты ұйымдастыру үшін балалар мен жасөспірімдер туризмінің өңірлік орталықтарын құрсын.

17. Ішкі авиатасымалдар нарығының бәсекелі жағдайларын жасау, аз бюджеттік авиатасымалдарды тарту және шағын әуе кемелерін пайдалану арқылы авиабилеттерге бағаны төмендету жөніндегі шаралар кешенін қабылдасын.

18. «ЭКСПО-2017» Дүниежүзілік көрмесін, XXVIII Әлемдік қысқы универсиаданы және басқа да халықаралық іс-шараларды дайындау және өткізу шеңберінде туристік өнімдерді, оның ішінде экотуризмді қолдау және алға жылжыту жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлесін.

19. Туристік кластерлік аймақтардың халқы үшін туристермен қарым-қатынас жасау және мінез-құлық мәдениетінің семинарларын, сондай-ақ өз өңірінің көрікті жерлері мен тарихи-мәдени құндылықтары бойынша танымдық курстар өткізу жөнінде оқыту орталықтарын құрсын.

20. Туристік саланың жеткілікті дамымауы себептерін анықтаудың және жоюдың ғылыми тәсілін қамтамасыз етсін және озық туристік тәжірибесі бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделесін және бейімдесін.

21. Туристік саланың білікті кадрларын, оның ішінде тарихи-мәдени мұра объектілерін реставрациялау бойынша даярлау және оқыту сапасын бақылау жүйесін құру арқылы олардың біліктілігін халықаралық стандарттарға дейін арттыру жөніндегі жұмысты жандандырсын.

22. Бірегей тарихи-мәдени құндылықтарды, табиғи ресурстар мен жануарлар дүниесін сақтау мақсатында лауазымды адамдар мен туристердің ұлттық заңнама нормаларын бұзғаны үшін бақылауды және жауаптылығын күшейтсін.